

The logo for ESGO Rating Agency features the letters 'ESGO' in a large, bold, serif font, with the 'Q' being a stylized blue letter. Below it, the words 'RATING AGENCY' are written in a smaller, all-caps, sans-serif font.

ESGO
RATING AGENCY

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ САЯСАТЫ

23 тамыз 2023 ж.

Мазмұны

1. Жалпы ережелер	3
2. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	3
3. Қолданыс бағыты	3
4. Нормативтік база	3
5. Агенттіктің міндеттемелері	4
6. Саясатты енгізу және іске асыру	5
7. Саясат шарттарын бұзу фактілерін хабарлау	6

1. Жалпы ережелер

«ESGQ Рейтинг агенттігі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өз қызметін адам құқықтарын сақтау, қолдау және дамыту бойынша ең жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес жүргізуге үлкен мән береді.

Адам құқықтары саясаты (бұдан әрі – «Саясат») әрбір адамның негізгі құқықтары мен бас еркіндігін қорғауды және дамытуды қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл саясат адам қадір-қасиетін құрметтеу, теңдік және кемсітпеу принциптері негізінде құрылған.

2. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Саясатта келесі қысқартулар мен терминдер және олардың тиісті анықтамалары қолданылады:

Агентство	«ESGQ рейтинг агенттігі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы - Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау және нығайту, сондай-ақ мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында құрылған халықаралық ұйым.
Қақтығыс	Мақсаттары немесе осы мақсаттарға жету әдістері үйлеспейтін, қарама-қайшы келетін адамдардың өзара әрекеті.
Қызметкер	Агенттікпен еңбек қатынасында болатын және еңбек шарты бойынша тікелей жұмыс атқаратын жеке тұлға.
Мүдделі тараптар	Агенттіктің қызметіне, оның өнімдеріне немесе қызметтеріне заңнама негізінде, жасалған келісімдерге (келісімшарттарға) байланысты немесе жанама әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жеке, заңды тұлғалар, жеке немесе заңды тұлғалар тобы.
Іскерлік этика	Агенттік пен оның қызметкерлері өз қызметінде ұстанатын іскерлік қарым-қатынастың этикалық қағидаттары мен нормаларының жиынтығы.

3. Қолданыс бағыты

Саясат ережелері Агенттікке қатысы бар барлық тараптарға қолданылады:

- Қызметкерлерге,
- Іскерлік серіктестерге,
- Агенттіктің қызметімен байланысты басқа тұлғалар мен топтарға.

Саясат ережелері еш шектеусіз Агенттік жүргізетін барлық бизнес-үдерістерге және барлық қызмет түрлеріне қолданылады.

4. Нормативтік база

Агенттік Саясатты жүзеге асыру барысында келесі заңнамалық құжаттарда жарияланған адам құқықтарын сақтау, қолдау және дамыту принциптерін ұстанады:

- Қазақстан Республикасының заңнамасы;

- Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы;
- Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт;
- Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт;
- Халықаралық еңбек ұйымының «Еңбек саласындағы негізгі қағидаттар мен құқықтар туралы» декларациясы;
- Агенттік қатысушысы болып табылатын БҰҰ Жаһандық келісімінің принциптері;
- БҰҰ мақұлдаған адам құқықтары аспектісіндегі кәсіпкерлік қызмет жөніндегі нұсқаулық принциптері.

Агенттіктің ішкі құжаттары адам құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық стандарттар мен принциптерге сәйкес келеді. Агенттік пен оның қызметкерлері арасындағы қарым-қатынастар адам құқықтары мен еркіндігін сақтауға негізделген.

5. Агенттіктің міндеттемелері

Агенттік келесі негізгі міндеттемелерді анықтады:

- Қызметкерлермен қарым-қатынас барысында:
 - **Қызметкерлерді оқыту және олардың ұстанымдарға адалдығы:** Агенттік өз қызметкерлерінің Саясат туралы хабардар болуын қамтамасыз етуге және барлық қызметкерлердің Агенттіктің адам құқықтарын сақтау, қолдау және ілгерілету принциптерін ұстануын қамтамасыз етуге міндеттенеді.
 - **Еңбек құқықтарын сақтау:** Агенттік қызметкерлерінің еңбек құқықтарын Халықаралық еңбек ұйымының еңбек саласындағы негізгі қағидаттар мен құқықтар туралы декларациясына сәйкес сақтауға міндеттенеді. Бұл кемсітуді болдырмауды, балалар мен мәжбүрлі еңбекті пайдалануға тыйым салуды, кәсіподаққа бірігу және ұжымдық келіссөздер жүргізу құқығын құрметтеуді, сондай-ақ Агенттіктің және оның серіктестерінің қызметкерлеріне қауіпсіз және қолайлы жұмыс жағдайларын қамтамасыз етуді қамтиды.
 - **Тең мүмкіндіктер және кемсітпеу:** Агенттік барлық жұмыс орындарына кандидаттар үшін анық және жалпы бекітілген жұмысқа қабылдау және еңбек нормалары ережелеріне сәйкес тең мүмкіндіктер беруге міндеттенеді. Агенттік жынысы, нәсілі, тері түсі, ұлты, тілі, шыққан тегі, мүліктік, отбасылық және әлеуметтік жағдайы, жасы, тұрғылықты жері, дінге қатынасы, нанымдары, қоғамдық бірлестіктерге немесе кез келген әлеуметтік топтарға қатысы бойынша, сондай-ақ іскерлік қасиеттермен байланысы жоқ басқа да жағдайлар бойынша кемсітуді қабылдамайды.
 - **Еңбек саясаты мен оның қолданысы:** Агенттік жұмысшыларды іріктеу, жалдау, бағалау, дамыту, оқыту, тәртіпті сақтау, өтемақыларды төлеу және еңбек шарттарын бұзу сияқты еңбек қызметін реттейтін ішкі актілерді әзірлеуге және сақтауға міндеттенеді.
 - **Қызметкерлердің шағымдары мен өтініштерін қарау:** Агенттік өз қызметкерлерінің шағымдары мен өтініштерін қарауға ерекше назар аударады, ашық диалогқа және олардың құқықтарын сақтауға ықпал етеді. Шағымдарды қарау кезінде белгіленген ережелер мен процедураларды сақтау, қызметкерлердің заңды құқықтарын қорғау, еңбек шарттарының талаптарын сақтау және Агенттік қызметкерлерінің еңбек және жеке құқықтарының бұзылуына байланысты басқа да

мәселелер ескеріледі. Агенттік өз қызметінің теріс салдарын анықтауға және жоюға міндеттенеді.

- **Қызметкерлермен қарым-қатынастағы этикалық стандарттар:** Агенттік қызметкерлермен қарым-қатынаста тек осы Саясатпен ғана емес, сонымен бірге Агенттіктің іскерлік этика кодексін басшылыққа алады.
- Іскерлік серіктестермен қарым-қатынаста:
- **Серіктестерді ақпараттандыру және олардың ұстанымдарға адалдығы:** Агенттік барлық іскерлік серіктестеріне өзінің Адам құқықтары саясатының мазмұны туралы хабардар етеді, что они понимают, поддерживают эти принципы и разделяют приверженность Агентства принципам соблюдения, поддержки и продвижения прав человека. Агенттік іскерлік серіктестерінің адам құқықтарын бұзғаны үшін жауапкершіліктен аулақ болу үшін шаралар қабылдайды. Іскерлік серіктестерді таңдауда Агентство олардың адам құқықтарын қорғау ұстанымдарына адалдығын ескереді, ұқсас стандарттарды ұстанатын серіктестермен ынтымақтастықты таңдайды.
- **Шағымдарды және қақтығыстарды шешу:** Агенттік іскер серіктестеріне адам құқықтарының бұзылуына қатысты шағымдар мен қақтығыстарды қарау арналарын орнықтыруға және қолдауға, сондай-ақ осы механизмдердің қолжетімділігін қамтамасыз етуге және адам құқықтарының бұзылуына байланысты шағымдарды тергеу және шешуде іскерлік серіктестерімен ынтымақтасуға міндеттенеді.

6. Саясатты енгізу және іске асыру

Осы Саясат Агенттіктің барлық бизнес-үдерістеріне енгізілуі тиіс, және БҰҰ мақұлдаған адам құқықтары аспектісіндегі кәсіпкерлік қызмет жөніндегі нұсқаулық принциптеріне сәйкес басымдыққа ие болуы тиіс келесі әрекеттерді қамтиды:

- негізгі адам құқықтарын сақтау принциптері туралы ішкі және сыртқы мүдделі тараптарды Саясаттың әрекеті және оның қолданыстағы нұсқалары туралы хабардар ету және тиісті оқытуларды өткізу;
- барлық қызметкерлерге қатысты Саясат талаптарын орындау, сондай-ақ барлық Агенттік қызметкерлері өз әріптестері мен іскерлік серіктестеріне қатысты адам құқықтарын сақтау;
- Агенттіктің ресми сайтында «Байланыс» бөлімінде көрсетілген байланыс нысандары арқылы кез келген мүдделі тараптан адам құқықтары саласындағы мәлімдемелер мен өтініштерді объективті бағалау және жауап беру үшін кері байланыс жүйесінің жұмысын қамтамасыз ету; және
- адам құқықтарының бұзылу жағдайларын анықтау кезінде тиісті шаралар қабылдау және осы құралдың ынғайлылығын қамтамасыз ету, оның үздіксіз жақсаруын қамтамасыз ету.

7. Саясат шарттарын бұзу фактілерін хабарлау

Агенттік кез келген мүдделі тараптан өтініштерді қабылдауға ашық. Саясаттың мазмұны мен қолданылуына қатысты шағымдар мен сұрақтар Агенттіктің ресми сайтында «Байланыс» бөлімінде көрсетілген кез келген ыңғайлы формада жіберілуі тиіс.

ЖШС «ESGQ Рейтинг агенттігінің» Директоры

(қолы)

(күні)

Қаражан Е.Н.

